

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
САЛЫҚ
ҚЫЗМЕТІ, ЖҮЙЕСІ



Қазақстан республикасының салық жүйесі

Үкімет табыстарының негізгі көзіне салықтар жатады. Олардың ішінде, сатуға салынатын салықтар бюджетке түсетін барлық салықтық төлемдердің шамамен тең жартысын құрайды. Сіз көп зат сатып ала отырып, сатуға салынатын салықты төлейсіз. Табыс салықтары табыс көзінің маңыздылығы жағынан екінші салық түрі болып табылады. Азаматтар өз табыстарынан салық түрінде белгілі пайыз төлеуге міндетті.

Салықтар - бұл мемлекеттің бюджетке жеке және заңды тұлғалардан алатын міндетті жарнасы.

Салықтардың басты қызметіне үкіметтің өзінің шығындарын өтеу жатады. Бірақ салықтардың басқа да қызметтері бар. Кейде салықтар *өндірістің белгілі салаларын қорғау* үшін алынады. Көп жылдар бойы импорттық тауарды қымбат ете отырып, ірі фирмалардың мүддесін қорғауға көмектескен еді. Салықтар, сонымен қатар, үкіметтің көзқарасы бойынша, *зиян қызметке* бөгет болу үшін қолданады.

Мысалы: «күнә» салықтары деп аталатын спиртті ішімдіктер мен темекілерге салынатын салықтар ақша алу және сонымен бірге, темекі шегу мен ішімдік ішуден адамдардың көңілін аудару мақсатымен алынады. Бұл салық акцизді салық деп аталады.


Акциз - өндіріске немесе жеке тауар түрінің сатылуына салынатын салық.

Сонымен бірге, салықтар экономикалық қызметтің деңгейін реттеу үшін қолданылады. Салықтарды көбейте немесе кеміте отырып, үкімет айналымдағы ақша санына тікелей әсер ете алады. Көптеген адамдар кейбір салықтар қажетті деген тұжырыммен келіседі. Алайда, ол салықтың қай түрі және олардың мөлшері қандай болу керек туралы елеулі келіспеушілік бар, әлде – бір салық түрін бағалау үшін: «Оны кім төлейді?» деген сұраққа жауап беру керек. Салықтардың нақты әрекеті соңында осы салықты төлеу ауыртаплығын көтеретін жеке адамдар мен компанияларға қатысты болады. Сондықтан, назарды төмендегі сұрақтарға аударып, салық салу әрекетінің фактілері мен қағидалары туралы білу қажет:

Салықтарды кім төлеу керек?

Салықтардың қай түрлері алынады?

Салық салудың дотация қағидасы үкімет адамдарға өзінің қызметін қолданудан алатын артықшылыққа сай салық салу қажеттігін білдіреді. Көпір арқылы өту үшін төленетін төлем жақсы мысал бола алады. Неге? Себебі, белгілі қондырғылар мен қызметтерді қолданатын адамдар бұл үшін төлем төлеуге міндетті.



Мүмкіндіктер бойынша төлеу қағидасына сай адамдар салықтарды төлей алатын кезде төлеуі керек. Экономистер тек жалпы ғана түсінік беруі мүмкін: бай адамның салық төлеуге мүмкіндігі көбірек. Қазақстан Республикасы Конституциясының 35 бабына сай салық төлеу әрбір азаматтың борышы мен міндеті болып табылады. Адамдардың өздерінің материалдық жағдайына сай салықтың мөлшерін анықтауда түрлі пікір айтылатын таңқаларлық емес. Мысалы, кейбіреулер салықтар табыс деңгейіне тәуелсіз барлығына бірдей болуы керек дегенді айтады. Ал, кейбіреулер салықтар табыс деңгейіне тәуелсіз барлығына бірдей болуы керек дегенді айтады. Ал, кейбіреулер бай адамдардан көбірек салық салу керек деп есептейді. Бұл келіспеушіліктер *пропорционалды және прогрессивті салықтар* арасындағы айырмашылықты айқындайды

Салықтар

Пропорционалды салықты тұрақты деп атайды. Табыстың жоғарылауымен салықта пропорционалды түрде көтеріледі.

Прогрессивті салықта табыстан жоғары пайыз алынады. Сонымен, табыстың көбеюімен салық жоғарғы пропорциямен көбейеді.

Пропорционалды және прогрессивті салықтардан басқа регрессивті салық бар. Регрессивті салық төмен табыстан жоғары пайызды және жоғары табыстан төмен пайызды төлеуді білдіреді. Сатуға салынатын салықтар жеке табыс негізінде есептелмесе де, олардың регрессивті әсері бар.

Азаматтарда үкіметтің қызметін жыл сайын талдау мүмкіндігі бар, себебі, бюджеттер мемлекеттік және жергілікті деңгейде жыл сайын жасалады. *Салықтар*-мемлекеттің арнайы заңнама негізінде азаматтардан жеке кәсіпорындардан алатын міндетті төлемі.

Салықтар:

- Табыстарға (еңбекақы, пайыз, рента, пайда)
- Шығындарға (сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің бағаларынан)
- Мүліктерге салынады.



Салық жүйесінің негізгі элементтеріне мыналар жатады:
Салықтық мөлшерлер – пайызбен белгіленетін және бюджетке төлеуге міндетті шығындардың белгілі үлесі.
Салықтық база – салық салуға жататын табыстардың тұрақты мөлшері.
Салықтық жеңілдіктер – салық төлеушілердің кейбір санаттары үшін салықтарды заңды түрде кеміту

**Салықтардың
атқаратын
қызметтері**

*** Реттеу.**

Салықтар – нарықтық экономика басқаратын қаржылық тетіктердің бірі.

*** Ынталандырушы.**

Салықтар тех-қ прог-ң шапшаңдалуына және жұмыс орындарының көбеюіне өндірістің ұлғаюына әсер етеді

*** Бөлу.**

Салықтардың көмегімен мемлекеттік бюджеттің баптары орындалады.

*** Фискалды.**

Салықтардың көмегімен азаматтар мен фирмалардың шығындарының бір бөлігі мемекеттік қажеттіліктерге жұмсалады



